

**А. А. Калиев, азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,  
полиция капитаны**  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

## **ҚОЛДАНЫСТАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ: БІРҚАТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Азаматтық процестік кодекс (одан әрі — АПК) Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевпен судялардың VI съезінде айқындаған сот жүйесінің басым бағыттарын, оның ішінде азаматтық процестік заңнаманың басым бағыттарын дамыту үшін қабылданды. Елбасы сот жүйесін дамытудың осы басым бағыттарын белгілей отыра, қолданыстағы Азаматтық іс жүргізу кодексінде (одан әрі — АІЖК) көзделген соттарда істі қарастыру тәртібінің кемшіліктеріне назар аудартты.

Атап айтқанда бұрынғы АІЖК шамадан тыс формальдылығы байқалды, бұл бір жағынан азаматтық процеске қатысушыларға да, судяларға да белгілі бір қолайсыздық туғызады, екінші жағынан, сот ісін жүргізудің жеделділігіне кері әсер етеді. Күрделілігі бар әртүрлі істерді қарастыру мерзімі мен тәртібінің толыққанды сараланауы жоқ. Оның үстіне АІЖК ережелері татуластыру рәсімдері мен дауды шешудің баламалы тәсілдерін кеңінен қолдануға септігін тигізбейді, себебі, практика Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылы 28 қаңтардағы Заңымен енгізілген азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу өндірісі аясында енгізілген медиация институтын қолданумен сотқа келіп түскен істерді тоқтату көлемінің аздығын көрсетті<sup>1</sup>.

Осылайша, азаматтық процестік заңнамада қолданыстағы құқықты түзету арқылы ғана шешу күрделі болатын бірнеше жүйелі мәселелер жинақталды. Оның үстіне бұрынғы редакциядағы АІЖК қабылдануы сәтінен бастап оған 50 астам түзетулер енгізілді, соңғы 3 жылда оған толықтырулар мен өзгертулер енгізген 20 астам заңдар қабылданды және де бұл кодекстің негізгі мақсаты мен міндеті болып нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен шетел инвестицияларын тарту болған. Алайда, экономикалық қатынастардың одан әрі дамуы, шетел инвестицияларының келуі және ақпараттық технологиялардың дамуы сөзсіз заңнаманың, оның ішінде азаматтық процестік заңнаманың қайта қарастырылуын талап етті.

Осыларға байланысты татуластыру мен заманауи технологияларды кеңінен қолдануға бағдарланған тараптар үшін азаматтық істерді жедел және қолайлы қарастыру тәртібін көздеуі тиіс азаматтық процестік заңнаманы кешенді тексеру және қайта қарастыруды қамтитын жаңа АПК әзірлеп, қабылдау туралы сұрақ туындады.

«Жаңа Азаматтық процестік кодекс елдің құқықтық кеңістігін анағұрлым жақсартады, оны қабылдау заң үстемдігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады, Кодекс бір жағынан, барлық заманауи негізгі құқықтық институттарды сақтайды, екінші жағынан, біздің құқықтық практикамызды ең үздік әлемдік стандарттарға жақындататын қомақты өзгертулер енгізеді» – деп, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Азаматтық процестік кодекске қол қою барысында дөп басып айтты.

Елбасымыз бұл реформалау процесін «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығына қол қоюдан бастаған болатын. Оған сәйкес, азаматтық процестік құқық сот төрелігінің қолжетімділігін, азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз етуге, жеке адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, қоғам және мемлекет мүдделерін уақтылы қорғау және қалпына келтіруге арналған<sup>ii</sup>.

Қазақстан Республикасының АПК азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тиімді соттық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында азаматтық процестік заңнаманы жаңарту арқылы оның жеделдігін арттыру, азаматтық сот ісін жүргізудегі кедергілерді жою, сот қызметінде техникалық құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру, сонымен қатар, сот ісін жүргізу өндірісінде татуластыру рәсімдерін белсенді қолдану мақсатында әзірленді. Ол 58 бөлімнен (бұрынғы редакциясында 46), 505 баптан (бұрынғы редакцияда 450) тұрады.

Жаңа Кодексте біріншіден, істі сотта қарастыруға әзірлеудің мерзімі 7 жұмыс күнінен 15 жұмыс күніне дейін ұзартылды. Сотпен талап арызды қабылдағаннан кейін судьяның және процеске қатысушы басқа да тұлғалардың әрекеттері, атап айтқанда, істі сотта қарастыруға әзірлеуді жүргізу кезінде соттың міндеттері, талап қоюшының талап арыздан бас тарту құқығы, жауапкермен талап арызды тану, талап арыздың нысанасы мен негізін өзгерту, талап қоюды ұлғайту немесе азайту сияқты процессуалдық әрекеттер нақты реттелген.

Екіншіден, сотқа дейінгі қарастырудың барлық қатысушылары дәлелдемелер ұсыну тиіс. Егер дәлелдемелер ағымдағы сәтте ұсынылмаса, онда олар кештеу, сотта істі қарастыру кезінде ұсынылу керек. Мұның өзінде тек ерекше жағдайларда ғана апелляциялық сот сатысына дәлелдемелер ұсынуға жол беріледі.

Үшіншіден, азаматтық процестегі адвокатураның рөлі күшейтілді. Олар мемлекеттік органнан, қоғамдық бірлестіктерден, заңды тұлғалардан анықтамалар немесе басқа да құжаттар сұратуға, сонымен қатар, заңдық көмек көрсету үшін басқа да әрекеттер жасауға құқығы бар.

Төртіншіден, медиация институты нығайтылды, медиация тараптар өтініші бойынша жүргізіледі және татуластыру келісіміне ұқсастық бойынша орындалады. Тараптар татуласу тәртібі мен татуласу келісімін жасау және медиация тәртібінде дауды шешуді қамтитын жаңа «Татуласу рәсімдері» деген 17 тарау қарастырылған. Азаматтық процеске «Партиципативтік рәсім» деген жаңа ұғым енгізілді. АПК 181 б. 2 т. сәйкес, партиципативтік рәсім екі тараптың да адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз өткізіледі. Тіпті талап арызды берген кездегі төленген баж салығы қайтарылады.

Бесіншіден, дауды сотқа дейінгі реттеу институты егер, белгілі бір санатағы істер үшін заңмен немесе шартпен сотқа дейінгі немесе өтініш қою тәртібінде реттеу қарастырылса, азаматтық сот ісін жүргізудің қағидаты ретінде бекітілді.

Алтыншыдан, іске қатысушы тараптардың өтініші бойынша сотқа қатысуға жіберілетін тараптар өкіліне жоғары заңгерлік білімінің бар болу міндеттілігі бекітілді. Бұл сот процесінде тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін кәсіби қорғауды жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Жетіншіден, процессуалдық құқықтар мен міндеттерді асыра (теріс) пайдаланудың алдын алу бойынша қатаң шаралар қарастырылған. Сонымен қатар, Кодекстегі жаңалық болып инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша арнайы сот құрамын енгізу табылады. Жоғарғы Сотта апелляциялық сот алқасы, Астана қаласының сотында инвестициялық дауларды қарастыру бойынша арнайы сот құрамы құрылды. Бұл шаралар инвестицияны құқықтық қорғауға бағытталған.

Жаңа АПК-да сот процесіне қатысушылар істі жедел және сапалы қарастыруға қасақана кедергі келтіретін болса, дәлелдемелерді жасырса және сот отырыстарына қатысудан жалтарса олардың процессуалдық және материалдық құқықтарын шектеу мүмкіндігі қарастырылған. АПК мазмұнында осы сияқты тағы басқа да жаңалықтар шеңбері баршылық, сондықтан оның жекелеген жетіспеушіліктеріне тоқталайық.

Қолданыстағы Азаматтық процестік кодексте өкінішке орай бұрынғы 1999 жылы қабылданған Азаматтық іс жүргізу кодексінде де олардың нақты қолданылуға қатысты әрдайым қарсылықтар туғызатын нормалар әлі күнге дейін сақталған. Осылайша, Кодекстің 20 б. 2 т. «судьялар мен сот отырысы залына қатысып отырған азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төрағалық етуші істі талқылау кезінде қатысуға ниет білдірген адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруді, жеке басын тексеріп қарауды және олар алып өтетін заттарды тексеріп қарауды қоса алғанда, оларға тексеру жүргізуді» көздейді. Мұнда соңғы 2 іс-шара сұрақ тудыртады, себебі, АПК-да осындай қарауды (тексеруді) жүргізу тәртібі одан әрі ешбір нормада мазмұны ашылмаған және түсіндірілмеген. Құқық нормаларын талқылау мен кез келген құқықтық актіні қолданудың жалпы ережесіне сәйкес, сол немесе басқа заңда онда қарастырылған құқықтық институттың мазмұны туралы үндемей қалу (яғни, ондағы заңдық терминнің мазмұнын ашудағы жетіспеушіліктер болғанда) кезінде «заң ұқсастығы» ұғымын қолдану керек, басқаша айтқанда бұл сұрақтың мазмұнын ашатын мәні мен мағынасы жағынан жақын басқа заңның құқықтық нормасын қолдану керек. Тиісінше «жеке басты жете

тексеру» (қарау) және «қарап-тексеру» — бұл азаматтық емес, әкімшілік заңнаманың институты, сондықтан, оларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексінің нормаларын қолдану қажет. Осыған байланысты мұндай қарап-тексеруді жүргізу үшін ӘҚБ туралы Кодекстің 791-бабы негізінде 2 куәгердің міндетті қатысуымен хаттама толтыру талап етілетіндігін, бірақ, ол шараның бізде нақты келгенде іске аспайтынын айтқым келеді. Сол себепті бұл мәселені Кодексте сөзсіз түзету қажет. Атап айтқанда, АПК 20-бабы 3 тармақпен толықтырып, оны келесідей редакцияда белгілеу қажет: *«3. Істі талқылау кезінде қатысуға ниет білдірген адамдардың жеке басын тексеріп қарау және олар алып өтетін заттарды тексеріп қарау Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінде көзделген тәртіпте жүргізілуі тиіс».*

АПК 104-бабы талап қоюшыға іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген залалдар сомасын өндіріп алу туралы талап қою кезінде талап қоюдың бағасын — өндіріп алу талап етілген сомамен айқындау міндетін енгізді, яғни, материалдық (мүліктік) талап қою кезіндегі талап қоюдың бағасын айқындаудағы әдіс қолданылып отыр. Біздің ойымызша мұндай «айқындауды» белгілеу дұрыс емес, себебі, моральдық зиян жеке тұлғаның материалдық емес, жеке мүліктік емес құқықтар мен құндылықтарына келтіріледі, бұл ең бастысы, ал моральдық зиянды дәл сол ақшалай сомада өндіріп алу — бұл тек оларды қорғаудың әдісі (құралы), сол себепті ол қосалқы болып табылады. Бірақ, ақшалай нысанда моральдық зиянның өтем ақысын өндіріп алумен қатар, Азаматтық кодекстің 9-бабында көзделген қорғудың басқа да тәсілдері (құралдары) (құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңдарға сәйкес келмейтін құжатын жарамсыз немесе орындауға жатпайды деп тану; заң құжаттарында көзделген өзге де әдістері) бар, яғни, ақшалай өтемақы бұл жерде міндетті емес деп есептейміз. *Сондықтан АПК іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген залалдар сомасын өндіріп алу туралы талап қоюларда талап қоюдың бағасын айқындау тәсілдерін (құралдарын) қайта қарастыру қажет.*

---

<sup>i</sup> Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылы 28 қаңтардағы Заңы. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

<sup>ii</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығы. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>